

Ж.Т. Сайрамбаева
М.Н. Нуртай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: zhuldyz.sairam@gmail.com, madinur@mail.ru)

ЕАЭО шеңберінде зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау тетіктері

Аңдатпа. Мақалада Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) мүше мемлекеттердің аумағында зияткерлік меншік құқығын қорғаудың түрлі аспектілері қарастырылады. Мүше мемлекеттер өздерінің зияткерлік меншік құқықтарын пайдалану үшін және осы бағыттағы құқықтық реттеу тетіктерін жүзеге асыру мақсатында өзара ынтымақтастықты дамыту мәселелері анықталған. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) жүргізген жұмыстардың нәтижелерін ескере отырып, мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік саласындағы ортақ міндеттері мен жетістіктері де айқындалады. Ғылыми мақаланың мақсаты – ЕАЭО шеңберінде зияткерлік меншік құқығы объектілерін қорғауды реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды, сондай-ақ ЕАЭО-да қолдануға болатын құқықтық тетіктерді жан-жақты ғылыми зерттеу арқылы құқықтық мәселелер мен шешімдерді айқындау болып табылады. Осы мақаланың ғылыми тәжірибелік құндылығы – алғаш рет ЕАЭО аясындағы зияткерлік меншік құқықтарына қатысты жаңа заңнамалық тетіктердің тәжірибесін көрсету болып табылады. Салыстырмалы құқықтық әдісті қолдану арқылы ЕАЭО қолдануға болатын тәжірибелер анықталды. ЕАЭО-дағы зияткерлік меншікті қорғау тетігінің құрылуы мен осы салаға қатысты Еуразиялық экономикалық комиссиясының атқаратын қызметі анықталды. ЕАЭО тәжірибесін басшылыққа ала отырып, зияткерлік меншік объектілерін қорғау құқықтарын реттеудің тиімді жолдары қарастырылды. **Түйін сөздер:** ЕАЭО, ЕЭК, ЕО, ЕАПҰ, зияткерлік меншік объектілері, зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімі, контрафактілік өнім.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2022-138-1-89-100>

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде жоғары технологиялық білім мен инновацияға негізделген жаңа экономикалық жүйе қалыптасып келеді. Бұл жүйенің негізгі ерекшелігі білім, технология және интеллектке инвестиция салу арқылы әлемдегі алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына қосылу болып табылады.

Еуразиялық экономикалық одақ зияткерлік меншікті нәтижелі басқару жүйесін құруға, сонымен қатар зияткерлік меншік

объектілер құқығын иеленушілер арасында тепе-теңдікті және жаңа технологияларды толықтай қолдануды анықтайтын бірнеше маңызды іс-шаралар өткізіліп жатыр. Сол себептен, ЕАЭО аумағында зияткерлік меншікті құқықтық реттеу негіздерінің қалыптасуын жоғарылататын жаңа тиімді тетіктермен қамтамасыз ету қажет.

Мақаланың объектісі болып, ЕАЭО шеңберінде зияткерлік меншік объектілер қозғалылысын құқықтық реттеу. Пәні ретінде, ЕАЭО басшылыққа алатын халықаралық

шарттар, қағидаттар, декларациялар мен тұжырымдамалары қарастырылады. Мақаланың мақсаты ЕАЭО-дағы зияткерлік меншік құқықтарын реттейтін қайнар көздерге жан-жақты талдау жасау, оның өзекті тұстарын анықтау, осы сала бойынша заңнама мен тәжірибені жетілдіруге байланысты ұсынымдар дайындау болып табылады.

Зерттеу тәсілдері

Мақаланы жазу барысында пайдаланылған қайнар көздер зияткерлік меншік объектілерін қорғайтын халықаралық шарттар, аталған құқықтарды мемлекет ішінде реттейтін қосымша хаттамалар, сонымен қатар ЕАЭО-ның мүше мемлекеттері азаматтарының ғылыми еңбектері қолданылды. Мақаланың негізгі құқықтық аспектілерін талдау кезінде келесі әдістер қолданылды: талдау және синтез, салыстырмалы-аналитикалық, ғылыми жалпылау, отандық және халықаралық жұмыстар әдіснамасын салыстыруға мүмкіндік беретін логикалық әдістер.

Талқылау

Қолданыстағы халықаралық-құқықтық актілердің ережелері ЕАЭО-дағы мемлекеттерді үйлестірудің негізгі құралы ретінде әрекет етеді. Олардың барлығы шығармашылық жағынан ынталандыруға ғана емес, сонымен қатар мүше мемлекеттердің инновациялық қызметін, ғылыми қызметін, технологиялары мен жаңашыл инновацияларын дамыту сапасын күшейтуге бағытталады.

2014 жылдың 29 мамырындағы ЕАЭО туралы шарттың XXIII «Зияткерлік меншік» бөлімінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағында зияткерлік меншікті құқықтық қорғау туралы жалпы ережелер сипатталады. Аталған шарттың 89 бабы бойынша мүше мемлекеттер зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау мен қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады және халықаралық құқық нормалары, Одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге және мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өз аумағында оларға құқықтар-

ды сақтау мен қорғауды қамтамасыз етеді. Бұл ынтымақтастық мынадай негізгі міндеттерді шешу үшін жүзеге асырылады: мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау саласындағы заңнамасын үйлестіру; мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілеріне құқық иеленушілерінің мүдделерін қорғау. Қазіргі уақытта мемлекеттердің ынтымақтастығы келесі жағдайларды талап етеді. Атап айтқанда, инновация мен ғылымның дамуын ілгерілету, зияткерлік меншікті құқықтық қорғау, оның ішінде мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, айналымдағы контрафактілік өнімдердің таралуын алдын алу және құқық бұзушылықтардың жолын кесуге бағытталған үйлестіру шараларының орындалуы.

Зияткерлік меншік объектілерінің құқықтық режиміне келетін болсақ, ол әр мемлекеттердің ұлттық режимі негізінде анықталады. ЕАЭО туралы шарттың 90-бабы бойынша қатысушы мемлекеттер өз қызметін халықаралық құқық нормаларына сәйкес жүзеге асырады, сол арқылы бір мүше мемлекеттің тұлғаларына зияткерлік меншік объектілеріне, сондай-ақ басқа мүше мемлекеттің аумағында халықаралық актілермен реттелетін басқа құқықтарға қатысты ұлттық режимді, сондай-ақ мынадай үкіметаралық шарттарды ұсынады:

-1886 жылғы 9 қыркүйектегі «Әдеби және көркем туындыларды қорғау жөніндегі» Берн конвенциясы;

-1977 жылғы 28 сәуірдегі «Патенттік рәсім мақсаттары үшін микроағзаларды депозиттеуді халықаралық тану туралы» Будапешт шарты;

-1996 жылғы 20 желтоқсандағы «Авторлық құқық жөніндегі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының шарты»;

-1996 жылғы 20 желтоқсандағы «Орындаулар мен фонограммалар жөніндегі Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының шарты»;

-2000 жылғы 1 маусымдағы «Патенттік құқық туралы шарт»;

-1970 жылғы 19 маусымдағы «Патенттік ко- операция жөніндегі шарт»;

-1971 жылғы 29 қазандағы «Фонограмма- ларды заңсыз пайдаланудан фонограмма шығарушылардың мүдделерін қорғау тура- лы» Конвенция;

-1891 жылғы 14 сәуірдегі «Таңбаларды ха- лықаралық тіркеу туралы» Мадрид келісімі және 1989 жылғы 28 маусымдағы «Таңба- ларды халықаралық тіркеу туралы» Мадрид келісімінің Хаттамасы;

-1961 жылғы 26 қазандағы «Орындаушы- лардың, фонограмма шығарушылардың және хабар тарату ұйымдарының құқықтарын қорғау туралы» халықаралық конвенция;

-1883 жылғы 20 наурыздағы «Өнеркәсіптік меншікті қорғау жөніндегі» Париж конвенци- ясы;

-2006 жылғы 27 наурыздағы «Тауар таң- балары жөніндегі заңдар туралы» Сингапур шарты [1].

Интеграциялық өзара іс-қимылдардың әртүрлі салаларында, соның ішінде зияткер- лік меншік саласында келісілген саясатты қа- лыптастыру мен жүзеге асыруда ЕЭК басты рөлді атқарады. Комиссияның қызметтік мін- деттері: тиісті нормативтік құқықтық базаны әзірлеу арқылы экономикаға қолайлы жағдай жасау; құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру; мемлекеттер арасында экономиканы дамы- туға бағытталған ұсынымдарды әзірлеу; ин- вестиция тартуға қолайлы орта құру; заңна- маны бір қалыпқа келтіру; Одақтың мүше мемлекеттері арасында бірігу үдерістерін дамыту. ЕЭК зияткерлік меншік саласының нормативтік құқықтық негізін қалыптасты- рып, оны жетілдіру мақсатында ЕАЭО-ның құрамына кіретін мемлекеттердің заңнамала- рында орын алған өзгертулер мен толықты- руларға мониторинг жұмыстарын жүргізу арқылы қарастырады [2, 100-б.].

1994 жылғы 9 қыркүйекте Мәскеу қаласын- да ТМД Үкімет басшылары кеңесінің отыры- сында Еуразиялық патенттік конвенцияға қол қойылды. Конвенция әкімшілік міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету және Еурази- ялық патенттерді беру үшін қажетті Еурази- ялық патенттік ұйымды (ЕАПҰ) құруды жари- ялады. Еуразиялық патенттік конвенцияның

2-бабының 5-тармағына сәйкес ЕАПҰ заңды тұлға мәртебесі бар үкіметаралық ұйым бо- лып табылады. Ұйым әрбір уағдаласушы мем- лекетте осы мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес заңды тұлғаларға танылған құқықтық қабілеттілікке ие болады [4]. Т.Е.Каудыров- тың айтуы бойынша: «халықаралық ұйымдар берген және біздің нарықта жұмыс істейтін патенттерге келетін болсақ, олардың тек бір ғана түрі бар. Қазіргі уақытта Қазақстанның патенттерімен қатар Еуразиялық патенттер де қолданылады, өйткені, Қазақстан Респу- бликасы Еуразиялық патенттік конвенцияның қатысушысы болып табылады» [5]. Өкініш- ке орай, ЕАПҰ Одақ аумағындағы патенттік құқықтың барлық объектілері үшін әмбебап орган болып табылмайды, себебі ол, пайда- лы үлгілер мен өнеркәсіптік үлгілерді қорғау мәселелерімен айналыспайды.

ЕАЭО-ның зияткерлік меншік саласын- дағы құқықтық саясатының дамуы мен алға жетілуінде маңызды рөлді Одақ құрамындағы мемлекеттерде қабылданған тұжырымда- малық, бағдарламалық және стратегиялық тұрғыдағы құқықтық құжаттар болып табы- лады. Осы қабылданған құжаттардың ішінде қызығушылық танытатын мемлекеттерге Ар- мения Республикасы, Беларусь Республикасы және Қырғыз Республикасын жатқызуға бола- ды [3, 7-б.].

Армения Республикасы стратегиясының айрықша ерекшелігі, ол ЕО тату көршілік са- ясаты шеңберінде дайындалған Еуропалық Одақ пен Армения арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімді ескере оты- рып әзірленген болып табылады. Сонымен қатар, Армения Республикасы Үкіметінің зи- яткерлік меншік құқықтарын сенімді және тиімді қорғауды жүзеге асыру жөніндегі бағдарламалық құжатын да атап өтуге бола- ды. Мемлекеттегі негізгі іс - шаралар келесі үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырыла- ды: заңнамалық реформа, институционалдық реформа, зияткерлік меншік саласындағы қоғамдық хабарландырылу [3, 8-б.].

Беларусь Республикасының стратегиясы әлеуметтік-экономикалық саясаттың негіз- гі басымдықтарын іске асыруды қамтамасыз етуге бағытталған. Ол мемлекеттік саясаттың

одан арғы мақсаттары мен бағыттарын және зияткерлік меншік саласындағы соларға сәйкес міндеттерін айқындайды [3, 10-б.].

Қырғыз Республикасында зияткерлік меншік саласындағы бірыңғай саясатты уәкілетті мемлекеттік орган — ҚР Үкіметі жанындағы зияткерлік меншік және инновациялар мемлекеттік қызметі (Қырғызпатент) іске асырады. Қырғызпатент мемлекет, бизнес-қоғамдастық, ғылыми орта, шығармашылық одақтар және басқа да мүдделі тараптар арасындағы байланыстырушы буын ретінде әрекет етеді, сондай-ақ зияткерлік меншік объектілеріне құқықтық қорғауды ұсыну бойынша жұмысты белсенді түрде жүргізеді [3, 12-б.].

Ресей Федерациясында тұжырымдамалық және бағдарламалық-стратегиялық құжаттардың бірнеше жобалары бар. 2012 жылы РФ-ның Сауда-өнеркәсіп палатасы зияткерлік меншік пен бизнесті сертификаттау және бағалау федералды институтының қатысуымен Зияткерлік меншіктің мемлекеттік стратегиясы тұжырымдамасының жобасы жасалды. Сол жылы Зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі үйлестіру кеңесі Зияткерлік меншік саласындағы мемлекеттік стратегия тұжырымдамасының екінші жобасы да дайындалды. Алайда, Ресейде осы саладағы бірде-бір стратегиялық құжат әлі қабылданған жоқ [3, 7-б.].

Қазақстан Республикасына келер болсақ, бұл мәселе ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 26 қыркүйектегі №1249 қаулысымен бекітілген «Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасы» негізінде реттелді. Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында тиісті бағдарлама бекітілді. Бағдарламаның міндеттері: зияткерлік меншік құқығын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру; ғылыми-техникалық прогресті, өнертапқыштықты және еркін бәсекелестікті дамытуға жағдай жасау; зияткерлік меншік саласында ҚР-дың экономикалық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің зияткерлік меншік объектілерін пайдалануын кеңейту; шағын кәсіпкерлік субъектілерінің зияткерлік меншік объектілеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету болды [6]. Алайда, Қазақстанның тұжырымдамалық құжаты

айтарлықтай тар бағытқа ие болғандықтан, зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға басымдық берді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасын» айтуға болады [7]. Тұжырымдама заңнаманың қазіргі жағдайын және осы салаға байланысты өзекті мәселелерді қамтымайды. Р.Қ. Қанатов тұжырымдамалардың жағдайын келесідей түсіндіреді: «соңғы уақытта Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік туралы заңнамасына түзетулер, ең алдымен, қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін енгізіледі. Мұндай жағдайларда зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқықтық қатынастарды құқықтық реттеудің оң тәжірибесін жоғалту, қақтығыстардың, олқылықтардың және басқа да құқықтық мәселелердің туындауы, сондай-ақ зияткерлік меншік саласындағы қоғамдық қатынастардың тұрақты дамуының бұзылуы қаупі бар» [8, 236-б.].

Жаһандану дәуірінде халықаралық ұйымдардың, мемлекеттердің, сондай-ақ өңірлік бірлестіктердің қызметін одан әрі дамыту үшін цифрлық күн тәртібін қалыптастыру және іске асыру қажет. Цифрлық трансформациялау арқылы өңірлік интеграциядан неғұрлым жаңғырту әсерін алу мақсатында интеграциялық күн тәртібін нақтылау ЕАЭО деңгейінде де орын алды. Н.В. Василенко келесіні атап өтті: «қазіргі уақытта цифрландыру еуразиялық интеграцияның технологиялық және инфрақұрылымдық негізін жасай отырып, оның аса маңызды факторына айналады» [9, 152-б.]. Интеграциялық үдерістер мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік саласындағы құқықтық үйлестіру және біріздендіру бағытындағы өзара іс-қимылдарын түзетуге алып келеді, сондықтан интеграцияны «цифрландыру» шеңберінде жүзеге асыру қажет.

Цифрландыруды дамыту мақсатында 2016 жылдың желтоқсан айында Одақтың мүше мемлекеттерінің басшылары ЕАЭО-ның цифрлық күн тәртібі туралы өтінішке қол қойды. Өтініштің басты мақсаты – экономикалық ин-

теграция мақсаттарына қол жеткізу, жаңа технологиялық құрылымға көшуді қамтамасыз ету, мемлекеттердің экономикалық жағдайын бір деңгейге келтіру, инновацияларды дамыту үшін қолайлы орта қалыптастыру, индустрия мен нарықты заман талабына сәйкес қалыптастыру, мемлекеттердің экономикалық үдерісінің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату болды [10]. Құжат әр мемлекетте ішінара қабылданған әлеуметтік экономикалық стратегияларын назарға ала отырып жасалды.

Цифрлық экономиканы жүзеге асырудың басты бағыттары:

1. Экономика салаларының цифрлық трансформациясы және кросс-салалық трансформациялау. Бұл физикалық активтерді цифрлауды, цифрлық үлгілер, толассыз үдерістер мен пайдалы деректер есебінен қосылған құнды құруды, деректер индустриясын дамытуды, цифрлық платформалар мен экожүйелерді дамытуды, цифрлық инновациялар үшін орта құруды көздейді.

2. Тауарлар, қызметтер, капитал және еңбек ресурстары нарықтарын цифрлық трансформациялау. Трансшекаралық электрондық сауданы, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды және цифрлық нарықты тұтынушылардың құқықтарын қорғауды, цифрлық инновацияларды қаржыландырудың бірлескен тетіктерін, еңбек өнімділігін арттыруды, қашықтықтан жалдауды және жұмыспен қамтуды көздейді.

3. Интеграциялық үдерістерді басқару үдерістерін цифрлық трансформациялау. Бұл үдерістер арқылы жоспарланған жобаларды жүзеге асыруда туындаған пысықтау сұрақтары мен оны орындау тетіктерін үлгілеу, одақтың цифрлық біріктірілген ақпараттық жүйе негізінде құру, сонымен қатар мемлекеттер арасында цифрлық қызмет алмасу ортасын құруды көздейді.

4. Цифрлық инфрақұрылымның дамыту және цифрлық үдерістердің қорғалуын қамтамасыз ету. Бұл іс-әрекеттер жобаларды жүзеге асыру мен бастамаларды өңдеу үшін инфрақұрылымның үздіксіздігін, сенімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ынтымақтастықты құруға бағытталған, сонымен қатар инфрақұрылымның негізін

құрайтын жобаларды толығымен дамытуды көздейді [11].

Одақтың цифрлық күн тәртібін орынды қалыптастыру үшін, оның ішінде цифрлық экономиканың нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу, цифрлық экономикада мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктерді құру, цифрлық жобаларды жасауға ынталандыру, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау аясындағы ұсыныстарды әзірлеу, сондай-ақ осы мәселеге байланысты мемлекеттер арасында тәжірибе алмасу арқылы қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге ұмтылыс білдірілді [12, 147- б.]. М.В. Шугуров экономиканы цифрлық трансформациялауға қатысты келесідей ой білдірді: «ЕАЭО-дағы зияткерлік меншік құқығы үлгісінің ЕО зияткерлік меншік құқығы үлгісінен өзгеше екендігі туралы тезис, оның бәсекеге қабілеттілігінің төмендігін білдірмейді. Бұл тезис инновациялық экономика және қоғамды жаңғырту жағдайында оған мүше мемлекеттердің алдында тұрған мәселелерді шешу үшін ЕАЭО құқығының қаралатын кіші жүйесінің әлеуетін негіздеуді көздейді. Экономиканы цифрлық трансформациялау арқылы бірқатар міндеттерді шешуге болады» [13, 84-б.]. Осылайша, Одақтағы зияткерлік меншік құқығын жетілдіру сұрақтары экономиканы трансформациялау арқылы ЕАЭО-ның іскерлік қоғамдастығының 2025 жылға дейінгі стратегиясындағы бастамаларын жүзеге асыру болды.

Қазіргі таңда Одақтың бірыңғай нарығы контрафактілік және жалған өнімді түсінудің келісілген тәсілдерін әзірлеуді, оған қарсы күрес жөніндегі шараларды біріздендіруді, сондай-ақ, контрафактілік өнімдер туралы дереккөздерді қамтитын біртұтас автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді құруды талап етеді. Бүкіл Одақ аумағына тасымалданып келетін контрафактілік өнімдерден қорғанудың ең тиімді әдістеріне, кеден органдарының өнімдерді өткізуге байланысты қолданылатын іс-шаралары болып табылады. Ол іс-шараларға Одақтың құрамындағы әр мемлекеттің мемлекеттік ұлттық кедендік тізіліміне, атап айтқанда зияткерлік меншік объектілерін біртұтас кедендік тізіліміне енгізілуін қамтиды.

Кедендік одақтың аумағы шеңберінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауды реттеуді қамсыздандыру үшін, құқық иеленушілердің объектілерін Одақ құрамындағы мемлекеттердің бес ұлттық кедендік тізіліміне енгізуі керек. Алайда, мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімін толықтыру үрдісі әр түрлі болып келеді.

2018 жылдың қазан айында «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану» туралы қағида қабылданды. Аталған қағида бірыңғай кедендік тізілімге қатысты жүргізілетін әрекеттердің дұрыс орындалуына бағытталады. Қазіргі уақытта өтініш берушілердің, комиссияның және мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының ақпараттық өзара іс-қимылын айқындайтын технологиялық құжаттарды әзірлеу және келісу жүзеге асырылып келеді.

Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай кедендік тізілімін тіркеу рәсіміне келетін болсақ, Одақтың ресми сайтында орналастырылған жеке кабинет сервисінің көмегін қолдана отырып іске асыруға болады. Тіркеу рәсімі электрондық цифрлық колтаңбаны енгізу арқылы жүргізіледі. Сол себептен, қауіпсіздік мақсатында Одақ аумағында трансшекаралық сенім кеңістігі де белгіленді. Бұл аталған шаралар Одаққа мүше мемлекеттерде цифрлік жүйені пайдалану және оны енгізуге тезірек бейімделу үшін жасалып жатқан тәсілдердің бірі болып табылатындығы анық.

Қағида құқық иеленушіге бірыңғай кедендік тізілімге енгізілген зияткерлік меншік объектісіне қатысты мәліметтерге дербес өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар бірыңғай кедендік тізілімге толықтырылған және қосылған мәліметтерді бақылай алады. Өзгерістер енгізу мүмкіндігі құқық иеленушінің комиссияның ресми сайтындағы жеке кабинетінде қолжетімді болады. Басқа өзгерістерді, оның ішінде қорғау мерзімін ұзартуды комиссия құқық иеленушінің немесе оның өкілінің өтініші негізінде енгізеді. [14]. Сондай-ақ, объектілерді қорғау кезінде қолданылатын шаралардың түрлерін, құқық ие-

ленушілер өз құқықтарын қолдануда қандай органдарға жүгінетінін, контрафактілік тауарлар айналымына қатысты толық ақпараттарды ала алады. Мәселен, 2020 жылғы 31 желтоқсандағы мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізілімдерінің жағдайы келесідей: Армения Республикасы – 286, Беларусь Республикасы – 394, Қазақстан Республикасы – 746, Қырғыстан Республикасы – 208, Ресей Федерациясы – 5141 [15, 28-б.]. Одақтағы белгіленген кедендік шекарасының аумағында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтардың қорғалуын кедендік органдар ұйымдастыратын болады. Бұл кәсіпкерлерге Одақ аумағында тауарлар мен көрсетілген қызметтерді қосымша тәуекелдерсіз азаматтық айналымға уақытылы енгізуге мүмкіндік береді.

Еуропалық Одақтың бірыңғай экономикалық кеңістігі шеңберінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды кедендік қорғау қағидалары ұлттықтан жоғары заңнама деңгейінде белгіленген. Құқық иеленушінің зияткерлік меншікке құқықтарын қорғау шаралары тауарларды қолдану туралы өтініштерінің тиісті нысандары арқылы жүзеге асырады. ЕО-дағы кедендік қорғау тетігі ЕАЭО шеңберінде қолданыстағы тізілімдік үлгіден өзгеше қағидат бойынша құрылады. Еуропалық Парламент пен Кеңестің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 608/2013 регламентінің 3-бабына сәйкес ЕО-да құқық иеленуші ұлттық кеден департаменті арқылы өтініштің екі түрін бере алады. Біріншісі, зияткерлік меншік объектілеріне қатысты кедендік шараларды қолдану туралы Ұлттық өтініш (ЕО-ға мүше қандай да бір мемлекеттің аумағында қорғалады). Екіншісі, зияткерлік меншік объектілеріне қатысты халықаралық өтініш (ЕО-ның заңнамасына сәйкес ЕО аумағында қорғалады) [16, 28-б.]. Сонымен қатар, ЕО-дағы кедендік қорғаудың ерекшеліктерінің бірі кеден органдарына өтініш беру кезінде міндетті материалдық қолдау ала алмайды. Бұл құқық иеленушілер үшін зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды трансшекаралық қорғауды қолжетімді, әрі тиімдірек етеді.

Мүше мемлекеттердің басшылары 2018 жылдың желтоқсан айында Еуразиялық эко-

номикалық одақ аясында интеграциялық үрдістерді мейлінше дамыту туралы Декларацияға қол қойды. Құжатта әр адамның әлеуетін іске асыруды, мүше мемлекеттердің азаматтарының экономикалық дамуының кәсіби, әлеуметтік-мәдени және басқа да аспектілерін қолайлы мүмкіндіктерімен қамтамасыз ету қажеттілігі қарастырылады [17].

Соңғы уақыттағы әлемдік жаңашылдықтардың бірі авторлық және сабақтас құқықтарды иеленушілерге ыңғайлы ортаны құру және шығармашылық қызметтің жетілдіру және ынталандыруға қатысты құқықтарды құқық бұзушылықсыз тиімді, әрі әділ орындау мен пайлануды қамтамасыз етеді.

2014 жылдың 29 мамырдағы ЕАЭО туралы шарттың және ЕАЭО құқығының ережелерін назарға ала отырып қабылданған «Авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық негізде басқару тәртібі туралы» келісімі 2019 жылдың 27 мамырында күшіне енді. Келісім авторлық және сабақтас құқықтарды ұжымдық басқарудың келісілген тәртібін белгілеу, құқықтарды ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар қызметінің ашықтығын арттыру, авторларға және өзге де құқық иеленушілерге сыйақы бөлудің әділдігіне бақылау орнату мақсатында әзірленді.

Келісім мүше мемлекеттердің ұлттық заңнамасында авторлық немесе сабақтас құқықтар объектілерін құқық иеленушінің келісімінсіз пайдаланғаны үшін ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдардың жауапкершілігін белгіледі, авторлық немесе сабақтас объектілерді пайдалану кезінде құқық иеленушіге сыйақы төлеуді, ұйымдардың өз шығыстарына және арнайы құралдарға жиналған сыйақы сомасынан ұстап қалудың шекті мөлшерінен асып кетуді, құқық иеленушінің міндетті аудит жүргізу жөніндегі міндеттемені орындамауды көздейді. Сыйақыны бөлудің әділдігін қамтамасыз ету, ұжымдық басқару жөніндегі ұйымдар тарапынан ықтимал теріс пайдалануды болдырмау, қоғамның осындай ұйымдардың қызметіне сенімін арттыру, құқықтарды тұтастай ұжымдық басқару жөніндегі жұмыс практикасын жетілдіру келісімді іске асырудың оң нәтижелері деп қарастыруға болады [18].

Нәтижелер

Зияткерлік меншік объектілеріне қатысты құқық бұзушылықпен күресудің нәтижесін жоғарылату және құқықтық қорғаудың бір деңгейлі жүйесін қалыптастыру үшін ЕАЭО құрамындағы мемлекеттер заңнамаларын жаңарту үдерісі жүйелі түрде өткізіліп отырады. 2019 жылдың мамыр айында ТМД-ның мүше мемлекеттерінің кедендік органдары контрафактілік тауарлар туралы мәліметпен өзара алмасуды қарастыратын Зияткерлік меншік объектілерін құқықтық қорғау аясындағы өзара әрекеттесуі туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Қырғызпатент ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерді сұрауды автоматтандыру мақсатында 2019 жылдың наурыз айында Қырғыз Республикасының Үкіметі жанындағы мемлекеттік кедендік қызмет пен Қырғызпатент арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Қазіргі уақытта Қырғыз Республикасының кедендік қызметі кедендік тізілімге енгізілген зияткерлік меншік объектілері бойынша ақпараттық-іздеу жүйесі өңделу барысында.

Зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау бөлігіндегі кедендік бақылауға қажетті мәлімет алмасу тәртібін жетілдіру мақсатында 2019 жылы Федералдық кедендік қызмет пен зияткерлік меншік бойынша Федералдық қызмет арасында ақпараттық өзара қарым қатынас туралы ведомстворалық келісімге қол қойылды.

Бүгінде контрафактілік тауарды таратумен күресу және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау сұрақтары бүкіл әлемді толғандыратын сұрақтардың біріне айналып отыр. Халықаралық сарапшылар әлемдегі елдердің ұлттық экономикасында аталған саладағы құқықтарының бұзылуына байланысты сұрақтарды зерттеуге және құқық қолданушылық шараларды өңдеуге көңіл бөліп жатыр. Контрафактілік өнімнің халықаралық нарығындағы жағдайды объективті бағалау және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау аясындағы халықаралық тәжірибені талдау мақсатында контрафак-

тілік өнімнің нарығын зерттейтін халықаралық ұйымдардың құжаттарын зерттеу қажеттілігі туындауда [19, 34-36 б.].

ЕАЭО аумағында зияткерлік меншікті реттейтін заңнаманы жетілдіру шаралары мүше мемлекеттерде толығымен жүргізіліп жатыр. Мемлекеттердің ұлттық заңнамаларының ішінде сәйкессіздіктер мен қайшылықтар орын алады. Бұл сәйкессіздіктер интеграциялық ортақ нарықты және бірыңғай кеңістікті құруда кедергілерге алып келеді. Атап айтқанда, инновациялық және ғылыми технологиялық ортаны құруды қиындатады және біртұтас цифрлық экономикаға өтуді баяулатады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Одақтың зияткерлік меншікті құқықтық реттеу негізі халықаралық – құқықтық үлгіге сәйкес келетіні туралы қорытынды жасауға болады. Құқық иеленушілер ұлттық заңнаманы, халықаралық – құқықтық құралдарды қолдану арқылы үйлестіруді жүргізіп келеді.

ЕАЭО экономикалық бірлестік болып табылатындықтан, зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауда мүше мемлекеттердің құқық қорғау органдары мен әкімшілік органдарының өзара бірігіп қызмет етуі маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Дегенімен, қазіргі таңда ЕАЭО-да зияткерлік меншік саласындағы нормативтік құқықтық негізін қалау жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр. ЕЭК-тың аталған саладағы тиімді жүйесін құру және заңнаманы дамыту бойынша жұмыстары маңыз-

ды рөлді атақарады. Оның күші зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау аясындағы заңнаманы біріздендіруге ғана емес, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесін тиісінше зерттеу, ынтымақтасу сұрақтарына қатысты ұсынымдарды әзірлеуге және ЕАЭО аумағындағы зияткерлік меншік құқығын иеленушілер үшін ыңғайлы және тиімді ортаны құруды қамтамасыз етуге бағытталады.

ЕАЭО-ның өңірлік зияткерлік меншік құқықтары жүйелі жетілдіріліп келеді. Одақ алдына қойылған мақсаттарды орындауда, сондай-ақ болып жатқан интеграциялық үдерістер толқынында көрініс табатын міндеттерді уақтылы іске асыруда мүше мемлекеттердің рөлін арттыруға бағытталған құқықтық саясатын толық көлемде игеруге және түсінуге мүмкіндік береді. ЕАЭО-дағы зияткерлік меншік нарығын қалыптастыру мәселелерін үндестіру бағыттарында теңгерім қағидатын іске асыру қажеттілігін жатқызуға болады. Бұл дегеніміз, зияткерлік құқықтарды сақтау және қорғау мәселелерімен қатар, қарқынды дамып келе жатқан цифрлық ортада оны пайдалану және басқару мәселелеріне тең көңіл бөлінеді.

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерде және Одақ деңгейінде зияткерлік меншік құқығын дамыту кезінде әмбебап келісімдердің ережелері ғана емес, сонымен қатар Одақ шеңберінде қабылданған бағдарламалық стратегиялық, құқықтық актілері де ескеріледі. Интеграциялық құрылым ретінде елдерге, сондай-ақ оның азаматтарына дәстүрлі нысандағы экономиканың цифрлық экономикаға трансформациялануын құқықтық қорғауға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Договор о Евразийском экономическом союзе (подписана в Астане 29 мая 2014 г.) (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.08.2021 г.). [Электрон. ресурс] - URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31565247#pos=4;-106 (қаралған күні: 29.09.2021).
2. Канатов Т.К. Полномочия Евразийской экономической комиссии в области унификации и гармонизации законодательства об охране и защите авторских и смежных прав//Евразийская адвокатура, 2016. - № 2. - С. 98–101.

3. Алиев С.Б. Информационно-аналитическое исследование «Роль интеллектуальной собственности в развитии евразийской интеграции»//Евразийская экономическая комиссия, 2016. - С. 3-7.
4. Евразийская патентная конвенция (подписана в Москве 9 сентября 1994 г.) [Электронный ресурс] - URL: <https://docs.cntd.ru/document/1901192> (қаралған күні: 13.03.2022).
5. Каудыров Т.Е. Гражданско-правовая охрана объектов промышленной собственности в Республике Казахстан. [Электронный ресурс] - URL: <http://bibliotekar.kz/chitat-onlain-grazhdansko-pravovajahra/zaklyuchenie.html> (қаралған күні: 13.03.2022).
6. «Санаткерлік меншік құқықтарын қорғау тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі бағдарламаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 29 мамыр N 591. [Электрондық ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020000591> (қаралған күні: 13.03.2022).
7. «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы. [Электрондық ресурс] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858> (қаралған күні: 13.03.2022).
8. Канатов Р.К. Проблемы совершенствования действующего законодательства республики казахстан в области правовой охраны товарных знаков, объектов промышленной собственности и селекционных достижений // Научно-правовой журнал «Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан», 2019 – С. 236-240.
9. Василенко Н.В. Цифровизация как основа евразийской экономической интеграции//Государство и рынок: механизмы и институты евразийской интеграции в условиях усиления глобальной конкуренции. - СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского государственного экономического ун-та, 2017. - С. 151–155.
10. Заявление о цифровой повестке ЕАЭС, принятое главами государств ЕАЭС (26 декабря 2017 г.). [Электрон. ресурс] - URL: https://www.mpt.gov.by/sites/default/files/zayavlenie_o_cifrovoy_povestke_eaes.pdf (қаралған күні: 01.10.2021).
11. Решение Высшего экономического совета от 11 октября 2017 г. №12 «Об Основных направлениях реализации цифровой повестки Евразийского экономического союза до 2025 года». [Электрон. ресурс] – URL: <https://docs.cntd.ru/document/555625953> (қаралған күні: 10.10.2021)
12. Жаксылыков Т.М. Евразийский рынок ИС: проблемы и перспективы в цифровой повестке//X Международный форум «Инновационное развитие через рынок ИС»: сборник докладов, документов и материалов / под ред. В.Н. Лопатина. М.: РНИИИС, 2018. - С. 145–149.
13. Шугуров М.В. Право интеллектуальной собственности Евразийского экономического союза: системно-правовой подход // Вестник Саратовской государственной юридической академии, 2019. - С.84
14. Правила реализации общего процесса «Формирование, ведение и использование единого таможенного реестра объектов интеллектуальной собственности государств-членов Евразийского экономического союза» (30 октября 2018 г.). [Электрон. ресурс] – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/H18EK000174> (қаралған күні: 11.10.2021).
15. Отчет о состоянии правоприменительной практики в сфере защиты прав на объекты интеллектуальной собственности в Евразийском экономическом союзе за 2020 год (Департамент развития предпринимательской деятельности). [Электронный ресурс] – URL: <https://u.to/zD0ОНА> (қаралған күні: 13.03.2022).
16. Регламент Европейского Парламента и Совета Европейского Союза 608/2013 от 12 июня 2013 г. о защите прав интеллектуальной собственности, осуществляемой таможенными органами, и об отмене Регламента (ЕС) 1383/2003 Совета ЕС. [Электронный ресурс] - URL: <https://base.garant.ru/70621314/#friends> (қаралған күні: 13.03.2022)
17. Декларация о дальнейшем развитии интеграционных процессов в рамках Евразийского экономического союза от 6 декабря 2018 года. [Электрон. ресурс] – URL: https://docs.eaeunion.org/docs/ru-ru/01420213/ms_10122018 (қаралған күні: 11.10.2021).
18. Соглашение о порядке управления авторскими и смежными правами на коллективной основе (Москва, 11 декабря 2017 года). [Электрон. ресурс] – URL: <https://docs.cntd.ru/document/542647892> (қаралған күні: 12.10.2021).
19. Отчет о состоянии правоприменительной практики в сфере защиты прав на объекты интеллектуальной собственности в Евразийском экономическом союзе за 2019 год (Департамент развития предпринимательской деятельности). [Электронный ресурс] – URL: https://u.to/p2_vGw (қаралған күні: 11.10.2021).

Ж.Т. Сайрамбаева, М.Н. Нуртай

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Механизмы защиты прав интеллектуальной собственности в рамках ЕАЭС

Аннотация. В статье рассматриваются различные аспекты защиты прав интеллектуальной собственности на территории государств-членов Евразийского экономического союза (ЕАЭС). Также определены вопросы развития взаимного сотрудничества государств-членов для использования их прав интеллектуальной собственности и в целях осуществления механизмов правового регулирования в данном направлении. Вместе с тем, с учетом результатов работы, проведенной Евразийской экономической комиссией (ЕЭК), определяются общие задачи и достижения государств-членов в области интеллектуальной собственности. Целью научной статьи является определение правовых вопросов и решений путем всестороннего научного исследования нормативных правовых документов, регулирующих охрану объектов права интеллектуальной собственности в рамках ЕАЭС, а также правовых механизмов, которые могут быть применены в ЕАЭС. Научно-практическая ценность данной статьи заключается в том, чтобы впервые продемонстрировать опыт новых законодательных механизмов, касающихся прав интеллектуальной собственности в рамках ЕАЭС. Определены практики применения ЕАЭС с применением сравнительно-правового метода. Определены создание механизма защиты интеллектуальной собственности в ЕАЭС и функции Евразийской экономической комиссии в этой сфере. Рассмотрены эффективные пути регулирования прав на охрану объектов интеллектуальной собственности, руководствуясь опытом ЕАЭС.

Ключевые слова: ЕАЭС, ЕЭК, ЕС, ЕАПО, объекты интеллектуальной собственности, таможенный реестр объектов интеллектуальной собственности, контрафактная продукция.

Zh.T. Sairambaeva, M.N. Nurtay

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Mechanisms for the protection of intellectual property rights within the framework of the EAEU

Abstract. The article discusses various aspects of intellectual property rights protection on the territory of the member states of the Eurasian Economic Union (EAEU). The authors have also identified issues of developing mutual cooperation of the member states for the use of their intellectual property rights and for the implementation of legal regulation mechanisms in this direction. At the same time, taking into account the results of the work carried out by the Eurasian Economic Commission (EEC), the article determines common tasks and achievements of the member states in the field of intellectual property. The purpose of the scientific article is to identify legal issues and solutions through a comprehensive scientific study of regulatory legal documents regulating the protection of intellectual property rights within the EAEU, as well as legal mechanisms that can be applied in the EAEU. The scientific and practical value of this article is to demonstrate for the first time the experience of new legislative mechanisms concerning intellectual property rights within the EAEU. The article highlights practices of the EAEU application using the comparative legal method. The article defines creation of a mechanism for the protection of intellectual property in the EAEU and the functions of the Eurasian Economic Commission in this area. The article considers effective ways of regulating the rights to the protection of intellectual property objects, guided by the experience of the EAEU.

Keywords: EAEU, EEC, EU, EAPO, intellectual property objects, customs register of intellectual property objects, counterfeit products.

References

1. Dogovor o Evrazijskom ekonomicheskom soyuze (podpisan v g. Astana 29 maya 2014 g.) (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 01.08.2021 g.) [The Treaty on the Eurasian Economic Union (signed in Astana on May 29, 2014) (with amendments and additions as of 01.08.2021)]. [Electronic resource] - Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31565247#pos=4;-106 (Accessed: 29.09.2021) [in Russian]

2. Kanatov T.K. Polnomochiya Evrazijskoj ekonomicheskoy komissii v oblasti unifikacii i garmonizacii zakonodatel'stva ob ohrane i zashchite avtorskih i smezhnyh prav, Evrazijskaya advokatura [The powers of the Eurasian Economic Commission in the field of unification and harmonization of legislation on the protection and protection of copyright and related rights, Eurasian Advocacy], 2, 98–101 (2016) [in Russian]
3. Aliev S.B. Informacionno-analiticheskoe issledovanie «Rol' intellektual'noj sobstvennosti v razvitii evrazijskoj integracii», Evrazijskaya ekonomicheskaya komissiya [Information and analytical research «The role of intellectual property in the development of Eurasian integration», Eurasian Economic Commission], 3-7 (2016) [in Russian]
4. Evrazijskaya patentnaya konvenciya (podpisana v Moskve 9 sentyabrya 1994 g.) [Eurasian Patent Convention (signed in Moscow on September 9, 1994)]. [Electronic resource] - Available at: <https://docs.cntd.ru/document/1901192> (Accessed: 13.03.2022) [in Russian]
5. Kaudyrov T.E. Grazhdansko-pravovaya ohrana ob»ektov promyshlennoj sobstvennosti v Respublike Kazahstan [Civil protection of industrial property objects in the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource] - Available at: <http://bibliotekar.kz/chitat-onlain-grazhdansko-pravovaja-ohra/zaklyuchenie.html> (Accessed: 13.03.2022) [in Russian]
6. «Sanatkerlik mensik quyqytaryn qorgau tujyrymdamasy iske asyru jonindegi bagdarlamany bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ukimetiniñ qaulysy 2002 jylgy 29 mamyr N 591. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan] on approval of the program for the implementation of the concept for the protection of intellectual property rights « dated May 29, 2002 N 591] [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P020000591> (Accessed: 13.03.2022) [in Kazakh]
7. «Qazaqstan Respublikasynyn 2010 jyldan 2020 jylga deingı kezenge arnalgan quyqytyq saiasat tujyrymdamasy turaly» Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2009 jylgy 24 tamyzdağy № 858 Jarlygy [Decree of the president of the Republic of Kazakhstan dated August 24, 2009 No. 858] on the concept of legal policy of the Republic of Kazakhstan for the period from 2010 to 2020» [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858> (Accessed: 13.03.2022) [in Kazakh]
8. Kanatov R.K. Problemy sovershenstvovaniya dejstvuyushchego zakonodatel'stva respubliki kazahstan v oblasti pravovoj ohrany tovarnyh znakov, ob»ektov promyshlennoj sobstvennosti i selekcionnyh dostizhenij [Problems of improving the current legislation of the Republic of Kazakhstan in the field of legal protection of trademarks, objects of industrial property and selection achievements] (Nauchno-pravovoj zhurnal «Vestnik Instituta zakonodatel'stva i pravovoj informacii Respubliki Kazahstan», 2019, 236-240 pp.) [in Russian]
9. Vasilenko N.V. Cifrovizaciya kak osnova evrazijskoj ekonomicheskoy integracii, Gosudarstvo i rynek: mekhanizmy i instituty evrazijskoj integracii v usloviyah usileniya global'noj konkurencii [Digitalization as the basis of the Eurasian economic integration, The State and the Market: Mechanisms and institutions of Eurasian integration in the context of increasing global competition] (SPb.: Izd-vo Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo ekonomicheskogo un-ta, 2017, 151–155 pp.) [in Russian]
10. Zayavlenie o cifrovoj povestke EAES, prinyatoe glavami gosudarstv EAES (26 dekabrya 2017 g.) [Statement on the EAEU Digital Agenda adopted by the Heads of the EAEU States (December 26, 2017)]. [Electronic resource] - URL: https://www.mpt.gov.by/sites/default/files/zayavlenie_o_cifrovoy_povestke_eaes.pdf (Accessed: 01.10.2021) [in Russian]
11. Reshenie Vysshego ekonomicheskogo soveta ot 11 oktyabrya 2017 g. №12 «Ob Osnovnyh napravleniyah realizacii cifrovoj povestki Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza do 2025 goda». [Decision of the Supreme Economic Council of October 11, 2017 No. 12 «On the main directions of implementation of the digital agenda of the Eurasian Economic Union until 2025»] [Electronic resource] – Available at: <https://docs.cntd.ru/document/555625953> (Accessed: 10.10.2021) [in Russian]
12. Zhaksylykov T.M. Evrazijskij rynek IS: problemy i perspektivy v cifrovoj povestke, X Mezhdunarodnyj forum «Innovacionnoe razvitie cherez rynek IS»: sbornik dokladov, dokumentov i materialov [Eurasian is market: problems and prospects in the digital narrative, X International Forum «innovative development through the IS Market»: collection of documents, documents and materials] pod red. V.N. Lopatina (M.: RNIIS, 2018, 145–149p.) [in Russian]
13. Shugurov M.V. Pravo intellektual'noj sobstvennosti Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza: sistemno-pravovoj podhod [Intellectual property law of the Eurasian Economic Union: a system-legal approach] (Vestnik Saratovskoj gosudarstvennoj yuridicheskoy akademii, 2019, 84 p. [in Russian]
14. Pravila realizacii obshchego processa «Formirovanie, vedenie i ispol'zovanie edinogo tamozhennogo

reestra ob»ektov intellektual'noj sobstvennosti gosudarstv-chlenov Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza» (30 oktyabrya 2018 g.) [Rules for the implementation of the general process «formation, management and use of the unified customs register of objects of intellectual property of members of the Eurasian Economic Union» (October 30, 2018)]. [Electronic resource] – Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/H18EK000174> (Accessed:11.10.2021) [in Russian]

15. Otchet o sostoyanii pravoprimeritel'noj praktiki v sfere zashchity prav na ob»ekty intellektual'noj sobstvennosti v Evrazijskom ekonomicheskom soyuze za 2019 god (Departament razvitiya predprinimatel'skoj deyatel'nosti) [Report on the state of law enforcement practice in the field of intellectual property Rights protection in the Eurasian Economic Union for 2020 (Department of Business Development)] – Available at: <https://u.to/zD0OHA> (Accessed:13.03.2022) [in Russian]

16. Regulation of the European Parliament and of the Council of the European Union 608/2013 of June 12, 2013 on the protection of intellectual property rights carried out by customs authorities and on the repeal of Regulation (EC) 1383/2003 of the Council of the EU [Regulation of the European Parliament and of the Council of the European Union 608/2013 of June 12, 2013 on the protection of intellectual property rights carried out by customs authorities and on the repeal of Regulation (EC) 1383/2003 of the Council of the EU.]. [Электронный ресурс] - Available at: <https://base.garant.ru/70621314/#friends> (Accessed: 13.03.2022) [in Russian]

17. Deklaraciya o dal'nejshem razvitii integracionnyh processov v ramkah Evrazijskogo ekonomicheskogo soyuza ot 6 dekabrya 2018 goda [Declaration on further development of integration processes within the framework of the Eurasian Economic Union from December 6, 2018]. [Electronic resource] – Available at: https://docs.eaeunion.org/docs/ru-ru/01420213/ms_10122018 (Accessed:11.10.2021) [in Russian]

18. Soglasenie o poryadke upravleniya avtorskimi i smezhnymi pravami na kollektivnoj osnove (Moskva, 11 dekabrya 2017 goda) [Agreement on the Procedure for Managing Copyright and Related Rights on a Collective Basis (Moscow, December 11, 2017)]. [Electronic resource] – Available at: <https://docs.cntd.ru/document/542647892> (Accessed:12.10.2021) [in Russian]

19. Otchet o sostoyanii pravoprimeritel'noj praktiki v sfere zashchity prav na ob»ekty intellektual'noj sobstvennosti v Evrazijskom ekonomicheskom soyuze za 2019 god (Departament razvitiya predprinimatel'skoj deyatel'nosti) [Report on the state of law enforcement practice in the field of intellectual property Rights protection in the Eurasian Economic Union for 2019 (Department of Business Development)] – Available at: https://u.to/p2_vGw (Accessed:11.10.2021) [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Сайрамбаева Ж.Т. – заң ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі, Қарасай батыр көш., 95А, Алматы, Қазақстан.

Нуртай М.Н. – негізгі автор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің халықаралық құқық кафедрасының докторанты, Алматы, Қазақстан.

Sairambaeva Zh.T. – Candidate of Law, head of the Department of international law of Al-Farabi Kazakh National University, Str. Karasay batyr, 95A, Almaty, Kazakhstan.

Nurtay M.N. – **The main author**, doctoral student of the Department of international law of Al-Farabi Kazakh National University, Str. Karasay batyr, 95A, Almaty, Kazakhstan.